

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 4 (2022)

ПАВЛОДАР

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/YWJC7662>

Бас редакторы – главный редактор

Аубакирова Р. Ж.

д.п.н. РФ, к.п.н. РК, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Антикеева С. К., *PhD доктор*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Магауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмагамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Костюнина А. А.,

к.п.н., доцент (Республика Алтай)

Оспанова Н. Н.,

к.п.н., доцент

Куанышева Б. Т.

доктор PhD

Омарова А. Р.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

***С. Б. Жусупбаев¹, Н. У. Шаяхмет², Е. М. Абенов³,
Г. К. Есполова⁴, Б. Базарбек⁵**

¹Павлодар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

²Astana IT University,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.;

³Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.;

^{4,5}С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.

DIGITAL-РЕСУРСТЫҚ ТӘСІЛ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА МОДЕЛІ РЕТІНДЕ

Мақалада білім беру процесін ұйымдастырудың жаңа моделі ретінде digital-ресурстық тәсілге арналған бірқатар зерттеулердің нәтижелері жинақталған. Осы жұмыстың мақсаты – білім берудің жаңартылған мазмұны контекстінде тарих сабақтарына digital-ресурстарды енгізу үдерісін зерттеу. Тарихты зерделеуге тұрақты оқу мотивациясын қалыптастыру үшін, ең алдымен, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын тудыратын оқыту әдістері мен құралдарын таңдау маңызды екендігі атап өтілді. Бұл мәселені шешудің әмбебап нұсқасы жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында көрсетілген, нәтижесінде digital-ресурстық тәсіл білім беру процесін ұйымдастырудың жаңа моделі болып табылады. Зерттеу барысында мұғалімдердің тарих сабақтарын жобалау кезінде digital-ресурстарды пайдалану мәселелері негізделген. Тарих мұғалімдерінің оқытуда digital-ресурстарды пайдалануға деген көзқарасы мен дайындығын және жақын арадағы перспективаларды анықтау мақсатында сауалнама жүргізу арқылы 196 респондент сұралды. Жалпы алғанда, зерттеу (а) технологиялық интеграция дәрежесін сипаттауға және сандық бағалауға, (б) сандық ресурстардың мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған қолданыстағы зерттеу топтары аясында жүргізілді. Сонымен қатар, бұл зерттеу тарих сабағында digital-ресурстарды пайдалануға

бағытталған, өйткені қазіргі уақытта сабақта digital-ресурстарды практикалық қолданудың белгілі бір тәжірибесі жинақталған.

Кілтті сөздер: digital-ресурс, білім беру процесі, енгізу, мұғалімдер, дайындық.

Кіріспе

Тәжірибенің жаңа саласы, сандық тарих (Digital History) гуманитарлық ғылымдардағы «сандық бетбұрыс» аталатын, сандық құралдар мен технологияларды қолдана отырып, талдаудың жаңа түрін жасау арқылы тарихи интерпретацияларды түсінуге, зерттеуге және дамытуға арналған ғылыми жанрдың алдыңғы қатарында.

Интернеттегі сандық тарихи ресурстар мұғалімнен оқушыға баса назар аудары отырып, оқушыларға тарих туралы жеке түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сандық тарихи ресурстарды оқу мақсатында пайдалану тарихты оқыту сипатын түбегейлі өзгертуге бірегей мүмкіндік береді. Тарих мұғалімдері әрдайым бастапқы көздерден алынған құжаттарды қолданғанымен, қолда бар деректер олардың қолдануы шектеулі болғандығын көрсетеді. Тарих мұғалімдері мен білім алушылар қазір сандық тарихи ресурстарды әлдеқайда көп мөлшерде қолдана алады. Тарих сабақтарында сандық технологияларды қолдану оқыту сапасына әсер етеді, бұл оқу процесін ұйымдастыруды түбегейлі өзгертеді. Сандық технологияларды қолдану мәселесін терең зерттеу үшін сабақты жобалау процесін түсіну қажет.

Дей тұра, зерттеулер мен практикалық тәжірибе оқытушылар құрамының сандық құзыретінің жеткіліксіздігі және жалпы білім беру мекемелерінің сандық технологияларды игеру әзірлігінің әлсіздігі негізгі проблема болып табылатынын көрсетеді.

Осыған байланысты, зерттеудің негізгі мақсаты білім берудің жаңартылған мазмұны контекстінде тарих сабақтарына digital-ресурстарды енгізу үдерісін қарастыру болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- «Сандық тарих» (Digital History) ұғымының мазмұнын нақтылау;
- мұғалімдердің digital-ресурстарға қатынасын, аймақтық мектептердегі білім беру процесінде қандай орын алатынын, оларды пайдалану тиімділігіне қандай факторлар әсер ететінін анықтау.

Материалдар мен әдістер

Бүгінде әлемнің қарқынды дамып келе жатқан ақпараттық және коммуникативті кеңістігі тарихи білімнің маңыздылығын күшейтеді. Тарихи білім беруде сандық технологияларды енгізу үдерісі түрлі авторлардың

зерттеу объектісіне айналды. Соңғы жылдары цифрлық бұрылыстың тарихи информатиканың Digital History және Digital Humanities қатынасына әсерін талдауға талпыныс жасалды [1], «сандық айналымның» тарихшы мамандығына, тарихи зерттеулердің әдіснамасы мен практикасына, сондай-ақ тарихи білімге әсері зерттелді [2], жалпы тарихи информатиканың қазіргі жағдайына, оның сандық гуманитаристика және сандық тарих сияқты бағыттармен қатынасына баға берілді [3]. Автор зерттеліп отырған проблематикада [4] сандық бұрылыс және тарихи дереккөздерді жаппай цифрландыру жағдайында тарих ғылымының дамуына байланысты қазіргі заманға сай сын-қатерлер мен проблемаларды атап өтеді. Тарихи информатика мен «сандық тарихтың», соның ішінде сандық қоғамдық тарихтың арақатынасы егжей-тегжей талданады.

Осыған байланысты Д. С. Артамонов сандық тарих деп «тарихи дереккөздерді цифрлауға, тарихи зерттеулер практикасында сандық құралдар мен медианы қолдануды зерттеуге және сандық технологияларды қолдана отырып, өткенді тану және визуализациялау ерекшеліктерін талдауға байланысты сандық гуманитарлық ғылымдардың құрамдас бөлігі ретінде» түсінуді ұсынады [5]. Х. Салмидің пікірінше, Digital History – бұл жаңа коммуникациялық технологиялар мен медиа қосымшаларды және тарихи білімді талдау, өндіру және тарату үшін есептеу әдістерімен эксперименттерді қолдана отырып, өткенді зерттеу және ұсыну тәсілі [6].

Тарихи зерттеулердегі сандық айналымның ұзақ мерзімді трендтерінің әсерін ескере отырып, И. М. Гарскова «Батыста Digital History Digital Humanities-ке ұқсас, тарихи информатиканың атауы қарапайым өзгерту ретінде қарастырылады және «сандық тарих» өзіндік «иелдену стратегиясына» сәйкес кванттық тарихпен де, тарихи информатикамен де, олардың барлық жетістіктерін өз жетістіктері ретінде жариялай отырып анықтайтындығына назар аударады, дегенмен, шын мәнінде, ол ең алдымен сандық медианы, құралдарды және қызметтерді тарихи зерттеулер тәжірибесінде қолдануға, цифрландырылған тарихи дереккөздерді ұсынуға және визуализациялауға, сондай-ақ сандық қоғамдық тарихты дамытуға бағытталған» деп ескереді [7]. О. М. Бызова да «қоғамның қазіргі өмір сүру жағдайлары сандық технологиялардың, оның ішінде тарихи зерттеулердің одан әрі дамуын ынталандырады. Тарихи зерттеулерді цифрландырудың әлеуетті мүмкіндіктерін іске асырудың маңызды шарты сандық коммуникацияға қатысушыларда ақпараттық технологиялар мен желілік кеңістікте жұмыс істеу дағдыларын одан әрі дамыту болып табылады» деп атап өтті [8].

Педагог кадрларды сандық технологияларды пайдалануға даярлау мәселесін мазмұндық тұрғыдан зерттей отырып, авторлар тұтастай алғанда

бұл мәселе түрлі зерттеулер объектісіне айналғанын анықтады. Сонымен, «болашақ тарих мұғалімін кәсіби даярлаудың жаңа мақсаттары тарихи ақпараттың электронды тасымалдаушыларымен жұмыс жасау кезінде оқу материалын мультимедиялық ұсыну әдістеріне оқыту бағдарламасындағы тиісті өзгерістерді анықтайды» деп аталған мәселеге назар аударуды А. М. Белавин, Л. В. Женина және т.б. атап өтті [9].

Т. С. Антонова мен А. Л. Харитоновтың мультимедиялық тарих оқулығын жасаушылар тұрғысынан оқу процесіне арналған компьютерлік бағдарламаларды құрудың үш әдістемелік тәсілі қалыптасты: 1) қажетті ақпараттың үлкен көлеміне жылдам қол жеткізуге көмектесетін мультимедиялық энциклопедиялар құру; 2) негізгі компонент гиперсілтемелері бар, сондай-ақ иллюстрациялық материалдар, бақылау модулі де болуы мүмкін мәтін болып табылатын гипермәтіндік оқулықтар әзірлеу; 3) дербес компьютердің мультимедиялық мүмкіндіктері жетекші болып табылатын дәріс курстарының «мультимедиялық экранизацияларын» құру [10]. Осыған байланысты, И. А. Маланов, Е. Н. Мадаева үшінші тәсіл мектеп оқушыларын оқытуда кең таралғанын атап өтті. Компьютерлік тарих бағдарламалары визуалды және дыбыстық сүйемелдеуді қамтуы керек. Оқыту бағдарламасында бақылау модульдері болуы керек. Сонымен қатар, дамыту модулі қажет. Осындай қағидаттарға негізделген компьютерлік бағдарлама студенттердің тарихи білім мен дағдыларды жеке игеру процесін басқарады, материалды бейнелі қабылдауға ықпал тигізіп, пайдаланушыларға эмоционалды әсер етеді [11]. Н. Шевченко «қазіргі оқытуды мультимедиа технологиясынсыз елестету қиын. Мультимедиялық бағдарламалар мұғалімдер мен оқушыларға кең мүмкіндіктер ашады» деп атап өтті [12]. М. Э. Бекирова тарихты оқытуда жеке тұлғаға бағытталған тәсілді қолдануды негіздейді [13]. В. В. Барабановтың тарихты зерделеуге тұрақты оқу мотивациясын қалыптастыру үшін бірінші кезекте білім алушылардың пәнге қызығушылығын тудыратын оқыту әдістері мен құралдарын таңдау маңызды деген пікірімен келісу керек [14]. Аталған мәселеде білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында және салдарынан білім беру процесін ұйымдастырудың жаңа модельдері белсенді дамуы жағдайында бұл мәселені шешудің жалғыз әмбебап нұсқасы digital-ресурстық тәсіл болып табылады.

Осылайша, зерттеудің негізгі әдістері ретінде: тарих сабақтарында оқытуды цифрландырудың түрлі тәсілдерін талдау, сондай-ақ сандық технологияларды қолдану; тарих сабағын жобалау кезінде білім беру процесі субъектілерінің digital-ресурстарды пайдалануға дайындығын анықтау бойынша сауалнама жүргізілді.

Нәтижелер мен талқылаулар


Тарих мұғалімдерінің (196 респондент) оқытуда digital-ресурстарды пайдалануға көзқарасы мен дайындығын, жақын арадағы перспективаларды анықтау мақсатында зерттеуге қатысушылардың хабардар болуының түрлі деңгейін көрсеткен сауалнама жүргізілді.

«Сіз digital-ресурстардың қандай түрлерін қолданасыз?» (бірнеше нұсқада) сұрағына жауап беру кезінде 44 педагог мультимедиялық білім беру бағдарламаларын, 29 – цифрлық иллюстрацияларды, 37 – мультипликациялық бейнероликтер түріндегі ресурстарды, 32 – сабақтардың электрондық конспектілерін, 20 – сандық электрондық оқу материалдарын, 11 – білім беру ойындарын, 23 – өзге ресурстарды пайдаланғанын көрсетті.

Ақпараттық мәліметтерге сәйкес, респонденттер сандық ресурстар туралы нақты түсінікке ие, сонымен қатар оларды тәжірибеде үнемі қолданады. Павлодар қаласының мектептерінде пайдаланылатын сандық білім беру ресурстарының рейтингі төмендегідей:

- 1-ші орын – мультимедиялық білім беру бағдарламалары;
- 2-ші орын – сандық суреттер;
- 3-ші орын – мультипликациялық бейнероликтер;
- 4-ші орын – сабақтардың электрондық конспектілері;
- 5-ші орын – сандық электрондық оқу материалдары;
- 6-шы орын – білім беру ойындары.


Алайда, «Сіз digital-ресурстардың қандай түрлерін көп қолданасыз?» сұрағына берілген жауаптар павлодарлық мектептердің мұғалімдері пайдаланатын digital-ресурстардың танымалдылығының рейтингтік көрінісін сәл өзгертті (1 сурет).



Сурет 1 – Тарих сабақтарында мұғалімдер қолданатын digital-ресурстардың түрлері

Нәтиже көрсеткендей, мұғалімдер сабақта қолданатын сандық ресурстардың түрлері салыстырмалы түрде бір сипатты, монотонды, сондықтан олардың дидактикалық мүмкіндіктері білім беру тәжірибесінде толық орындалмайды.

Педагогтердің digital-ресурстарды пайдалануға қатынасын зерттеу сауалнаманың келесі екі сұрағына жауаптарын талдау барысында жүргізілді: «Сіз тарих сабақтарында digital-ресурстарды пайдаланасыз ба?» және «Сабақтарда сандық ресурстарды қаншалықты жиі қолданасыз?». Бұл сұрақтардың мақсаты тарих бойынша мультимедиялық сабақтардың пайызын анықтау болды (2-сурет).



Сурет 2 – Мұғалімдермен мультимедиялық ортада өткізілетін сабақтардың үлесі

Сауалнама нәтижелерін өңдеу, мұғалімдердің басым көпшілігі digital-ресурстарды оқытуда қосымша оқу материалы ретінде (59,64 %) пайдаланатынын және мектептердегі тарихи білім беру процесінде мультимедиялық сабақтардың үлесі 50 %-дан асатынын көрсетті (2 сурет).

Мұғалімдердің басым көпшілігі digital-ресурстарды пайдалануға оң көзқарасты сақтап, білім алушылардың оқу іс-әрекетін ынталандырушы әсерін мойындайтыны айқын.

Келесі сұрақ «Мұғалімдер сандық ресурстарды қалай пайдаланады, оқушылардың мүмкіндіктері мен ақпараттық дағдыларын және сабақта шешілетін оқу міндеттерін ескере отырып, дайын ресурстарды ала ма немесе өзгерте ме?». Бұл сұрақтың жауабы мұғалімнің кәсіби шеберлік деңгейін, оның дербестігін, шығармашылығын, ақпараттық мәдениетінің белгілі бір деңгейін ашады.

3-диаграммадан мұғалімдердің көпшілігі Интернет желісінде ұсынылған дайын digital-ресурстарды пайдалануды жөн көретіндігі байқалады. Дей тұра, көптеген мұғалімдер кейде өзгерістер енгізетінін айтады – олар мәтінді түзетеді, таңдаулы тапсырмаларды немесе фрагменттерді қолданады және т.б.



Сурет 3 – Тарих мұғалімдерінің оқу процесінде digital-ресурстарды пайдалану тәсілдері

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, мұғалімдердің тек 20 %-ы digital-ресурстарды өз бетінше жобалауға дайын. Бұл дегеніміз, педагогтердің негізгі бөлігі (80 %) білім беру ресурстарын әзірлеуде қиындықтарға ие, яғни мұғалімдермен сандық дағдыларды арттыру бойынша арнайы жұмыс ұйымдастыру қажеттігін көрсетеді.

Қорытынды

Осылайша, жүргізілген зерттеу өңірлік мектеп мұғалімдерінің digital-ресурстарға қатынасын, аталған ресурстардың білім беру үдерісіндегі орны мен тарих сабақтарын жобалау кезінде digital-ресурстарды пайдаланудың тиімділігіне факторлар әсерінің маңыздылығын көрсетті.

Неғұрлым сапалы нәтижеге қол жеткізу үшін мұғалімдердің кәсіби қызметінде digital-ресурстарды қолдану саласындағы сандық дағдыларының деңгейін арттыру бойынша әлі де көптеген мәселелерді шешу қажет. Мұндай жұмыстың мазмұны мұғалімдерге сандық ресурстарды әзірлеуге белсенді қатысуға кедергі келтіретін қиындықтарды жеңуге, яғни бүгінгі таңда Digital History-мен тікелей байланысты білім сапасын арттыруға бағытталуы керек.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Жакишева, С.** «Игры разума» или «доказательство жизни»: историческая информатика и/или цифровая история? [Текст] // Историческая информатика. – 2020. – № 1(31). – С. 1–19.
- 2 **Бородкин, Л., Владимиров, В.** Исторические исследования в условиях «цифрового поворота»: новые вызовы, новые ответы [Текст] // Историческая информатика. – 2019. – № 3(29). – С. 1–5.
- 3 **Владимиров, В.** За цифровым поворотом: история продолжается [Текст] // Историческая информатика. – 2019. – № 3(29). – С. 31–42.
- 4 **Бородкин, Л.** Историк и мир (больших) данных: вызовы цифрового поворота [Текст] // Историческая информатика. – 2019. – № 3 (29). – С. 14–30.
- 5 **Артамонов, Д.** Время в цифровой истории [Текст] // Известия Саратовского университета. Новая серия. Серия Философия. Психология. Педагогика. – 2021. – № 21(2). – С. 125–129.
- 6 **Salmi, H.** What is Digital History? [Текст]. – Medford : Polity Press, 2020. – 130 p.
- 7 **Гарскова, И.** «Цифровой поворот» в исторических исследованиях: долговременные тренды [Текст] // Историческая информатика. – 2019. – № 3(29). – С. 57–75.
- 8 **Бызова, О.** Использование цифровых технологий в исторических исследованиях [Текст] // Общество: философия, история, культура. – 2022. – № 2 (94). – С. 76–81
- 9 **Белавин, А., Женина, Л.** Учебный модуль «мультимедийные технологии представления учебного материала по теме «Первобытная и древняя история» [Текст] // Вестник Пермского государственного гуманитарно-педагогического университета. Серия: Информационные компьютерные технологии в образовании. – 2008. – № 4. – С. 35–45.
- 10 **Иванов, О.** Информационные и коммуникационные технологии в подготовке учителя истории [Текст] // Universum: Вестник Герценовского университета. – 2010. – № 1. – С. 106–110.
- 11 **Маланов И., Мадаева Е.** Информационно-коммуникационные технологии обучения в профессиональной подготовке будущего учителя истории [Текст] // Вестник БГУ. Образование. Личность. Общество. – 2017. – № 2. – С. 45–48.
- 12 **Шевченко, Н.** Интерактивные формы обучения как средство развития личности школьника [Текст] // Учитель. – 2004. – № 5. – С. 12–14.

13 **Бекирова, Э.** Психолого-педагогическое обоснование использования наглядного метода обучения истории в школе [Текст] // Проблемы современного педагогического образования. – 2021. – № 70(1). – С. 48–51.

14 **Барбанов, В.** Методика обучения истории: учебник [Текст]. – М. : Академия, 2014. – 428 с.

REFERENCES

1 **Zhakisheva, S.** «Igly razuma» ili «dokazatelstvo zhizni»: istoricheskaiia informatika i/ili tsifrovaia istoriia? [«Mind Games» or «Proof of Life»: Historical Computer Science and/or Digital History?] [Text]. Istoricheskaiia informatika. – 2020. – № 1 (31). – P. 1–19.

2 **Borodkin, L., Vladimirov, V.** Istoricheskie issledovaniia v usloviakh «tsifrovogo povorota» : novye vyzovy, novye otvety [Historical research in the context of the «digital turn» : new challenges, new answers] [Text]. Istoricheskaiia informatika. – 2019. – № 3 (29). – P. 1–5.

3 **Vladimirov, V.** Za tsifrovym povorotom: istoriia prodolzhaetsia [Beyond the Digital Turn: The Story Continues] [Text]. Istoricheskaiia informatika. – 2019. – № 3 (29). – P. 31–42.

4 **Borodkin, L.** Istorik i mir (bolshikh) dannykh: vyzovy tsifrovogo povorota [The Historian and the World of (Big) Data : Challenges of the Digital Turn] [Text]. Istoricheskaiia informatika. – 2019. – № 3 (29). – P. 14–30.

5 **Artamonov, D.** Vremia v tsifrovoi istorii [Time in digital history] [Text]. Izvestiia Saratovskogo universiteta. Novaia seriia. Seriia Filosofii. Psikhologiya. Pedagogika. – 2021. – № 21(2). – P. 125–129.

6 **Salmi, H.** What is Digital History? [Text] [Текст]. – Medford : Polity Press, 2020. – 130 p.

7 **Garskova, I.** «Tsifrovoy povorot» v istoricheskikh issledovaniyakh: dolgovremennyye trendy [«Digital turn» in historical research: long-term trends] [Text]. Istoricheskaiia informatika. – 2019. – № 3 (29). – P. 57–75.

8 **Byzova, O.** Ispolzovanie tsifrovyykh tekhnologii v istoricheskikh issledovaniyakh [The use of digital technologies in historical research] [Text]. Obshchestvo: filosofii, istoriia, kultura. – 2022. – № 2 (94). – P. 76–81

9 **Belavin, A., Zhenina, L.** Uchebnyi modul «multimediinye tekhnologii predstavleniia uchebnogo materiala po teme «Pervobytnaia i drevniia istoriia» [Educational module «Multimedia technologies for presenting educational material on the topic «Primitive and ancient history»] [Text]. Vestnik Permskogo gosudarstvennogo gumanitarno-pedagogicheskogo universiteta. Seriia:

Informatsionnye kompiuternye tekhnologii v obrazovanii. – 2008. – № 4. – P. 35–45.

10 **Ivanov, O.** Informatsionnye i kommunikatsionnye tekhnologii v podgotovke uchitelia istorii [Information and communication technologies in the preparation of a history teacher] [Text]. Universum: Vestnik Gertsenovskogo universiteta. – 2010. – № 1. – P. 106–110.

11 **Malanov I., Madaeva E.** Informatsionno-kommunikatsionnye tekhnologii obuchenii v professionalnoï podgotovke budushchego uchitelia istorii [Information and communication technologies of education in the professional training of the future teacher of history] [Text]. Vestnik BGU. Obrazovanie. Lichnost. Obshchestvo. – 2017. – № 2. – P. 45–48.

12 **Shevchenko, N.** Interaktivnye formy obuchenii kak sredstvo razvitiia lichnosti shkolnika [Interactive forms of education as a means of developing the student's personality] [Text]. Uchitel. – 2004. – № 5. – P. 12–14.

13 **Bekirova, E.** Psikhologo-pedagogicheskoe obosnovanie ispolzovaniia nagliadnogo metoda obuchenii istorii v shkole [Psychological and pedagogical substantiation of the use of the visual method of teaching history at school] [Text]. Problemy sovremennogo pedagogicheskogo obrazovaniia. – 2021. – № 70(1). – P. 48–51.

14 **Barabanov, V.** Metodika obuchenii istorii: uchebnik [Methods of teaching history: textbook] [Text]. – Moscow : Akademiia, 2014. – 428 p.

Материал 14.12.22 баспаға түсті.

*С. Б. Жусунбаев¹, Н. У. Шаяхмет², Е. М. Абенов³, Г. К. Есполова⁴, Б. Базарбек⁵

¹Павлодарский педагогический университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар;

²Astana IT University,
Республика Казахстан, г. Астана;

³Кызылординский университет имени Коркыт Ата,
Республика Казахстан, г. Кызылорда;

^{4,5}Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова,
Республика Казахстан, г. Усть-Каменогорск.

Материал поступил в редакцию 14.12.22.

DIGITAL-РЕСУРСНЫЙ ПОДХОД КАК НОВАЯ МОДЕЛЬ ОРГАНИЗАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА

В статье обобщены результаты ряда исследований, посвященных digital-ресурсным подходам как новой модели организации образовательного процесса. Цель данной работы – исследование процесса внедрения digital-ресурсов на уроках истории в контексте обновленного содержания образования. Отмечено, что для формирования устойчивой учебной мотивации к изучению истории, важно подобрать такие методы и инструменты обучения, которые в первую очередь вызовут у обучающихся интерес к предмету. Указывается на универсальный вариант решения этой задачи в условиях обновленного содержания образования и, как следствие, digital-ресурсный подход является новой моделью организации образовательного процесса. В ходе исследования обоснованы проблемы учителей по использованию digital-ресурсов при проектировании уроков по истории. Путем проведения анкетирования с целью выявления отношения и готовности учителей истории к использованию digital-ресурсов в обучении и определения ближайших перспектив были опрошены 196 респондента. В целом настоящее исследование было проведено в контексте существующих групп исследований, которые стремились (а) описать и количественно оценить степень технологической интеграции, и (б) увеличить возможности digital-ресурсов. Это исследование направлено также на использование digital-ресурсов на уроке истории, так как к настоящему времени накоплен определенный опыт практического применения digital-ресурсов на занятиях.

Ключевые слова: digital-ресурс, образовательный процесс, внедрение, учителя, готовность.

**S. B. Zhussupbayev¹, N. Shayakhmet², E. M. Abenov³, G. K. Yespolova⁴,
B. Bazarbek⁵*

*¹Pavlodar Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar;*

*²Astana IT University,
Republic of Kazakhstan, Astana;*

*³Korkyt Ata Kyzylorda University,
Republic of Kazakhstan, Kyzylorda;*

*^{4,5}S. Amanzholov East Kazakhstan University,
Republic of Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk.*

Material received on 14.12.22.

DIGITAL-RESOURCE APPROACH AS A NEW MODEL OF THE EDUCATIONAL PROCESS ORGANIZATION

The article summarizes the results of a number of studies on digital resource approaches as a new model for organizing the educational process. The purpose of this work is to study the process of introducing digital resources in history lessons in the context of the updated content of education. It is noted that in order to form a sustainable educational motivation for the study of history, it is important to choose such teaching methods and tools that will primarily arouse students' interest in the subject. It points to a universal solution to this problem in the context of the updated content of education and, as a result, the digital resource approach is a new model for organizing the educational process. The study substantiates the problems of teachers in using digital resources when designing history lessons. By conducting a survey to identify the attitude and readiness of history teachers to use digital resources in teaching and to determine the immediate prospects, 196 respondents were interviewed. In general, this study was conducted in the context of existing research groups that sought to (a) describe and quantify the degree of technological integration, and (b) enhance the capabilities of digital resources. This study is also aimed at the use of digital resources in the history lesson, since by now certain experience has been accumulated in the practical use of digital resources in the classroom.

Keywords: digital resource, educational process, implementation, teachers, readiness.

Теруге 14.12.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.12.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,65 Mb RAM

Шартты баспа табағы 24,4.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 3997

Сдано в набор 14.12.2022 г. Подписано в печать 30.12.2022 г.

Электронное издание

3,65 Mb RAM

Усл.п.л. 24,4. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 3997

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz